

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



МЕКТЕПТІҢ АТА-АНАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ДАМУ

Әдістемелік ұсыныстар

РАЗВИТИЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ ШКОЛ С РОДИТЕЛЯМИ

Методические рекомендации

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 17 сәуірдегі № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 апреля 2015 года)

Мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын дамыту. Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 16 б.

Развитие взаимоотношений школ с родителями. Методические рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 16 с.

Қазіргі қоғам мектеп пен отбасыға бала тәрбиесінде тең жауапкершілік жүктеп отырғандықтан баланың әлеуметтенуінде тең міндет атқаруы тиіс. Әдістемелік ұсыныстарда мектеп ұжымының отбасымен жүргізетін тәрбие жұмыстарының формалары көрсетілген.

Сонымен қатар, мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген.

Құрал мектеп басшыларына, мектеп директорының тәрбие бойынша орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, ата-аналарға және бала тәрбиесіне қызығушылық танытқан барша оқырманға арналған.

В пособии выделены приоритетные направления взаимосвязи школы и семьи в обучении и воспитании учащихся; совместная деятельность детей, родителей и учителей.

Также раскрыты формы взаимодействия школы и семьи, в которых осуществляется процесс социализации подрастающего поколения.

Методическое пособие предназначено руководителю организации образования, заместителю директора по воспитательной работе, классному руководителю, родителям, также широкому кругу читателей, которые имеют дело с воспитанием подрастающего поколения.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2015

Кіріспе

Тәрбие процесінің табыстылығы педагогтер, оқушылар мен ата-аналар арасында орнаған қарым-қатынасқа тікелей байланысты. Ата-ана мен педагог алдында тұрған міндет ортақ болғандықтан, олардың арасындағы одақ неғұрлым берік болған сайын тәрбие нәтижесі де соғұрлым табысты бола түспек.

Әрбір отбасы қоғамның бір бөлігі болып табылатындықтан, бала тәрбиесіндегі жауапкершілік те мектеппен бірдей болуы тиіс. Бала тәрбие әліппесін отбасында алатындықтан өркениетті қоғамға қол жеткізудегі әрбір шара отбасындағы өмірді ұйымдастырудан бастау алады. Салауатты отбасы ғана дені де тәні де сау ұрпақ тәрбиелей алады.

Елімізде мемлекет тарапынан отбасы институтын қолдауда көп жұмыстар атқарылуда. Ана мен баланы қорғауға, балаларға, көп балалы отбасыларға зор көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, бүкіл әлемдегі секілді, біздің елде де отбасы институты қазіргі таңда дағдарысты бастан кешуде. Ата-аналардың жұмыссыздығы, толық емес отбасылар мен некесіз туылған балалар санының артуы әлеуметтік проблемалардың белең алуына ықпал етіп отыр.

Балалар мен оқушы жастардың бұқаралық мәдениет құндылықтарына, сапасы төмен бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратына және интернет-сайттарға бағдарлануы; қатыгездікті насихаттау, балалар мен жасөспірімдердің темекі шегу, алкоголь және есірткі қолдануға әуестенуі; еңбек тәрбиесі рөлінің төмендеуі; отбасылық құндылықтар мен отбасылық тәрбие дәстүрлері рөлінің төмендеуі; әлеуметтік жетімдік, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид, нашақорлық, бүлдіргіш секталарға қатысу және т.б. проблемалар байқалады. Осындай проблемалар бала тәрбиесіне жаңа көзқарас, жаңа ұстанымдар қажет екенін көрсетіп отыр. Тәрбие кешеуілдеуді немесе үзіліс жасауды кешірмейді, ол баланың күнделікті өмірінде, тұрмыста, ойын үстінде, оқу, еңбек ету барысында жүре береді. Сондықтан, тәрбие проблемаларын білім беру ұйымдары мен отбасы арасында тығыз байланыс орната отырып шешу қажет.

Қоғамның рухани әлеуетін арттыру қажеттілігіне негізделіп жасалған қандай да болмасын мемлекеттік бағдарламалар азаматтардың бойында жоғары адамгершілік сана мен өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, патриоттық тәрбие жүйесін жоспарлы түрде дамыту арқылы Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын тәрбиелеуді көздейді.

Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп көрегендікпен ой түйген. Ендеше, баланың өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетесы ата-ананың көмегімен отбасында қаланып, мектеп қабырғасында жалғасын табады.

Әдістемелік нұсқаудың мақсаты – мектептің ата-аналармен өзара қарым-қатынасының қалыптасу ерекшеліктерін зерделеу.

1 Мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын қалыптастырудың мәні мен мазмұны

Еліміз білім берудің жаңа моделіне өту жағдайында тәрбие рөлінің өсуіне байланысты тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау заңды. Бүгінгі таңда білім беру процесінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отырған кезде баланың адамгершілік тәрбиесі мен рухани тұрғыдан қалыптасуы барлық тәрбие процесінің өзегі болып отыр.

Елбасы мемлекет тағдырымен ұрпақ тағдырын қатар қою арқылы мемлекетіміздің бүгінгі таңдағы стратегиясы – өз жерін, елін сүйетін, адамгершілік қуаты мол, ата-бабаның әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бойына сіңірген парасатты, өз ойын еркін жеткізе алатын дарынды, білімді, салауатты, ғылыми жұмыстарға бейім тұлғаны тәрбиелеу мәселесін алға тартып, «Елімізді 2030 жылы барысқа айналдыратын күш мектеп партасында отырған оқушылар мен 15-20 жас аралығындағы жастар» деген болатын [1].

Қай заманда болмасын мектеп – баланы білім нәрімен сусындатып, біліктілікке баулитын орта. Ұрпақ тәрбиесінде мектеп еш уақытта отбасынан бөлек, дербес әрекет еткен емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, жұртшылықпен, еңбек ұжымдарымен тығыз байланысты. Мектеп тәрбиеге байланысты қоғамдық күштерді ұйымдастыру және біріктіру рөлін, мектепшілік тәрбие процесін атқарып қана қоймайды, мектеп орналасқан аумақта жүргізілетін тәрбие жұмысының мақсатқа бағыттылығын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан қарастырғанда мектеп – балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыратын, жеке адамның дамуында және қалыптасуында әр түрлі факторлардың ықпалын үйлестіріп, біріктіретін басты орталық. Мектепте тәрбиенің алуан түрі (дүниетаным, еңбек, мінез-құлық, эстетикалық, дене тәрбиесі т.б.) жүзеге асырылады.

Бүгінде мектеп ұжымының отбасылармен жүргізетін тәрбие жұмыстарының формалары көптеп саналады: ата-аналармен жүргізілетін жұмыс, сынып жетекшілерінің және мұғалімдердің отбасымен жұмысы, сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстары. Осы жұмыстарға мектеп басшылық жасайды, көмектеседі, тиісті адамдармен, ұйымдармен бірігіп іске асыруды қамтамасыз етеді.

Отбасы – оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы ынтымақтастыққа негізделеді. Отбасы тәрбиесі – бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы. Үкімет тарапынан отбасына үнемі қамқорлық жасалуда: балаларға қосымша білім беру, еңбек, спорттық сауықтыру орталықтары, жас өлкетанушылар стансалары, ғылыми-техникалық және көркем шығармашылық үйірмелер жұмыс жасайды, шығармашылық және ғылыми-зерттеу ісіне қолдау көрсетілуде; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлінген, отбасы мүшелерінің еңбек етуіне және демалуы үшін жағдай жасалған.

Отбасындағы басты мәселелердің бірі – баланың ата-ана, ұжым және қоғам

алдындағы жауапкершілігін қалыптастыру, жеке басының тәртібі, міндеттері, үй және қоғамдық еңбекке қатысуын, оқу-әрекеті, бос уақытын тиімді ұйымдастыру болып табылады. Бала өмірін және іс-әрекетін сауатты ұйымдастырудың негізгі шарты – дұрыс құрылған күн тәртібі. Күн тәртібі – бұл өмір тәртібі, ол еңбек пен демалысты парасаттылықпен кезектестіруді, алға қойылған талаптарды уақытымен орындауды, жақсы әдеттерді қалыптастыруды білдіреді, баланы жинақылыққа, тілалғыштыққа, ықтияттылыққа үйретеді, оның денсаулығын нығайтады, еңбек қабілетін жақсартады.

Күн тәртібін жасауда ата-ана баланың жасын, денсаулығын, отбасылық жағдайын, дәрігер мен мұғалімдердің, сынып жетекшінің кеңесін, отбасы мен мектеп өмірі ағымын ескеруі тиіс. Отбасында күн тәртібінің негізгі құрамды бөліктері – еңбек, демалыс, ойын, сабаққа дайындалу, тамақтану, ұйқы, т.б. дұрыс алмасып отыруы қажет.

Бұл әсіресе, мектеп бітіруші 11-сынып оқушыларының ата-аналары балаларын Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге дайындау барысында жадында болуы тиіс. Осы орайда Астана қаласының № 43 мектебінде өткен ата-аналар жиналысында мектеп психологы ұсынған кеңес тиімді [2].

«Ата-аналарға арналған кеңес»

1. Балаңызбен көп уақыт бірге болуға, оның көңіл-күйін және проблемаларын білуге тырысыңыз.
2. Тәртіптік шара қолданбастан өзге жолмен ықпал ете біліңіз.
3. Жазалаудан бас тартыңыз.
4. Оптимистіктің үлгісін көрсетіңіз.
5. Балаңыздың табысқа жету ниетін ынталандырыңыз.
6. Дербестігін құрметтеңіз.
7. Ақылы курстарды, консультациялар мен байқау тестілеулерді қаржыландырыңыз.
8. Күн тәртібін құруға көмектесіңіз.
9. Тапсырмаларды тексеріңіз және бақылаңыз.
10. Аралық тестілеу нәтижелерін талқылыңыздар.
11. Сәтсіздіктермен күресуде көмектесіңіз.
12. Дене еңбегі (спорт, ыдыс жуу, үй жинау) мен ой еңбегін кезектестіруін қадағалаңыз.
13. Көзін демалдыруын: теледидар, компьютер алдында көп отырмауын бақылаңыз.
14. Күні бойы жиі тамақтандырыңыз (құнарлы, дәруменді, мүмкіндігінше жаңғақ, сүт өнімдері, ет, балық, көкөніс, жеміс-жидек, шоколад).
15. ҰБТ күні – жеңіл таңғы ас (тоя тамақтанбау, тыныштандыратын дәрі пайдаланбау).
16. Жүйке-психикалық күш түсіруді, теріс эмоция мен стрессті шешіңіз.
17. Өзін-өзі тексеруіне, өз күші мен қабілетіне сенуіне, өзіндік бағалауын нығайтуына көмектесіңіз.
18. Сәтсіздік жағдайында көмектесетініңізге сендіріңіз.

Отбасында жоспарланған тәрбиеге үнемі қол жеткізу мүмкін болмайтыны белгілі, тәрбиенің сәтсіздікке ұшырауына тәрбиені жүргізіп отырған адамның

педагогикалық сауаттылық деңгейі, адамның көңіл-күйі мен материалдық, әлеуметтік жағдайы ықпал етеді. Отбасылық тәрбиеде кері ықпал ететін себептер:

- отбасындағы өктемдік арқылы баланың өзін-өзі басқару, билеу еркіндігінен айрылуы, өз күшіне, мүмкіншілігіне сенбеуі, қарсы тұру күшжігерінің төмендеуі, сезімінің мұқалуы;

- баланы еркімен жіберушілік, еркелік, бәрін кешірушілік. Отбасының баланың дегеніне көніп, жетегіне еруі нәтижесінде оны өзіншілдікке тәрбиелеуі;

- отбасында бірыңғай талаптың болмауы, ересектер арасындағы алауыздықты пайдаланып, баланың екі жүзді және жағымсыз істерге бейім болып өсуі;

- ата-ананың баланы ұжымнан шеттетіп өсіруі салдарынан тұлғаның қалыптасуына кері әсер етуі;

- ата-ананың баласының іс-әрекетіне немқұрайлылықпен қарауы, жауапсыздық танытуы баланың кездейсоқ, күмәнді адамдармен танысу мүмкіншілік алуы.

Ата-ана абыройы – бала көзімен көріп тұрған, жасы үлкен кісінің күмән келтірілмейтін қасиеті, күші, ішкі қуаты, берік логикаға негізделген ісі мен қасиеті. Осы қасиеттерді баланың бойына сіңіре білу – отбасы тәрбиесінің мақсаты, борышы, міндеті. Ал, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын жақсартуға қамқорлық жасап, оларға ата-аналарды, жұртшылықты қатыстыру, яғни ынтымақтастық орнату ісімен мектеп айналысады. Қашан болмасын, мектептің сенімді одақтасы – отбасы. Мектеп – өзгеріп отыратын жағдайлар мен құбылыстарды ажырата білетін, жасампаз шығармашылық тұрғысынан қарағанда болашақ мамандық иелерін, қоғам мен заман талабына сай талаптарды көре біліп, іс жүзінде асыратын жеке тұлға әзірлейтін мемлекеттік мекеме. Яғни, мектеп өзіне бөлініп берілген шағын ауданда мемлекет атынан іс-әрекет жасай отырып, Конституцияда жазылған білім беру саласындағы қағидаларды ата-аналармен, әрбір отбасымен бірлесе отырып іске асырады [3].

Тәрбие әдісі – тәрбиеші мен тәрбиеленушінің қоғамдық келісілген, ол педагогикалық тұрғыдан мақсатты өзара әрекеттесуді, тіршілік әрекетін, қарым-қатынасты, сондай-ақ тәрбиелік ықпалдар құралдары мен тәсілдерінің жиынтығын ұйымдастыруға ықпал етеді, тәрбие мақсаттарын анықтауға бағытталады.

Тәрбие әдістерін таңдау оқушылар қызметінің мақсаты, міндеті және мазмұнымен келісілуі, ал әдістер генезисі қоғамның тәрбиеге қоятын талаптарын көрсетуі тиіс.

Кей зерттеушілер өз еңбектерінде (Сидоркин А.М. және Керкис С.С.) келесі әдістер тобының тиімділігін атап көрсетті [4]:

- 1) қызметтер мен қарым-қатынас түрлерін өзгертуге бағытталған;
- 2) сыныптағы, отбасындағы қарым-қатынасты өзгертуге бағытталған.

Қызметтер мен қарым-қатынас түрлерін өзгертуге бағытталған әдістер:

- жас ерекшеліктерін ескере отырып қызметтер мен қарым-қатынастың жаңа түрлерін енгізу әдісі; пікірталастың күрделендірілген формалары;

- өзіндік талдау әдісі, рефлексия әдісі; рөлдік ойындар; әлеуметтік жобалау және т.б.

Сыныптағы, отбасындағы қарым-қатынасты өзгертуге бағытталған әдістер: жаттығу, тапсырма, жеке бас үлгісі; иландыру, сын; тәрбиелік жағдаят әдісі; іскерлік ойындар; ынталандыру және жазалау әдістері; қоғамдық пікір әдісі; жаңа дәстүрлер жасау әдісі және т.б.

Басқа зерттеушілер (Генварева Ю.А. және т.б.) мектеп пен отбасының өзара қарым-қатынас әдістерін төмендегі бөлімдер бойынша жіктейді:

1) өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру әдістері (жеке және ұжымдық перспективалар, міндеттер, проблемалар, ережелер мен нормалар);

2) өз әрекеттік әдісі (жеке және ұжымдық өзін-өзі басқару, жарыс, өзіне өзі қызмет ету);

3) қатынасу әдісі (құрмет, түсіну, сенім, өзін-өзі байқау, рефлексия, өзін-өзі тану, иландыру, сын, өзін-өзі бақылау және т.б.);

4) ықпал ету және түзету әдістері (үлгі, түсіндіру, қуанышты, махаббатты және сұлулықты күту, екіжақты жауапкершілік, абырой және намыс сезіміне жүгіну, арманның өзектендірілуі, сендіру, жаттығу, ынталандыру және жазалау).

Торохтий В.С. өз еңбектерінде социуммен, басқа әлеуметтік институттармен өзара әрекеттесу мазмұнын көрсететін білім беру мекемелері қызметіндегі әлеуметтік-педагогикалық тәсілдердің мәнін қарастырады. Әлеуметтік-педагогикалық көзқарастардың маңызды әдістеріне: бітістірушілік әдісі, серіктестік әдісі, кеңес беру әдісі, өзара сенімге негізделген қарым-қатынас әдісі, кеңес әдісі, ұсыныс әдісі, эмпатия әдісі, толеранттылық әдісі, әлеуметтік бейімделу әдісі, түзету әдісі, әлеуметтік қолдау әдісі, өзара ақпараттандыру әдісі, келісім әдісі, бірге қызмет ету әдісі, әлеуметтік тәрбие әдістері, әлеуметтік оқыту әдістері жатады [5].

Мектеп пен отбасының педагогикалық өзара қарым-қатынасының қарастырылған формалары мен әдістері ата-аналардың тәрбие процесіне белсенді атсалысуына, оқушылардың әлеуметтену процесінің тиімділігіне ықпал етеді.

Мектеп және отбасы арасында байланыс орнатуда Назарбаев зияткерлік мектептерінің іс-тәжірибесін қолдану тиімді. НЗМ өз Отанын сүйетін, бәсекелік орта жағдайында ойдағыдай іс-әрекет жасауға қабілетті, жоғары мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігі бар, үйлесімді дамыған, шығармашыл және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыру мақсатында жұмыс жасауда. Осы мақсатты жүзеге асыруда бірқатар міндеттерді орындау көзделген: оқушылардың өмірлік құзыреттіліктерін дамыту арқылы оқу іс-әрекетін; қосымша білім беруді; сыныптан тыс шараларды; жергілікті бірлестіктердің проблемаларын шешуге қатысуды қамтамасыз ету. Яғни, НЗМ-де білім беру және тәрбие процесіне қатысушылар арасындағы жауапкершілік тең бөлінген [6].

2 Мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар

Мұғалімдер мен ата-аналар өздерінің педагогикалық күш-жігерін біріктіре отырып, бірлесе шешетін проблемаларды жақсы білулері тиіс. Бұл проблемалардың аясы кең және белгілі бір шарттылық бойынша оларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа мектеп пен отбасы оқу-тәрбие жұмысының мақсатымен және мазмұнымен байланысты проблемаларды жатқызуға болады.

Екінші топты оқушыларды отбасындағы өзінің тұлғалық дамуы мен қалыптасуындағы жұмысқа ынталандыру әдістемесі құрайды.

Үшінші топқа отбасылық тәрбие процесінде оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру проблемасы жатады.

Осы аталған проблемаларды шешуде мектеп пен ата-аналардың бірге атқаратын жұмыстың сипаты қандай болуы тиіс?

Отбасы мен мектептің бірлескен іс-әрекетінің маңызды жағы мақсатты нұсқаманы іске асыру және оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының мазмұндылығын арттыру болып табылады.

Педагогикалық тәжірибеде сынып жетекшісінің оқушылардың ата-аналарымен жүргізетін қызметтің **бес түрі** анықталған [7]:

1. Ата-аналарды түрлі әрекеттердің көмегімен оқу-тәрбие процесіне қатыстыру:

- балалар мен ата-аналардың шығармашылық күнін ұйымдастыру;
- ашық сыныптар мен сыныптан тыс іс-шаралар; мектеп кеңесі жұмысына тарту; мектеп пен сыныптың материалдық-техникалық базасын күшейтуде және сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыруда көмек көрсету.

2. Ата-аналармен педагогикалық-психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру: мектептік, сыныптық конференциялар; психологиялық, педагогикалық, медициналық кеңестер; тренингтер; қызығушылықтары әртүрлі балалардың (қабілетті балалар, қиын балалар, түрлі үйірмелерге қатысатын балалар т.б.) ата-аналары үшін лекторийлер.

3. Ата-аналарды балаларымен бірге өткізілетін іс-шараларға тарту:

- сынып жетекшісі ұйымдастырған шараларға – саяхат, сенбілік, жөндеу жұмыстары т.б. қатысу;

- жалпымектептік дәстүрлі іс-шаралар (түлектер кеші, ардагерлермен кездесу т.б.);

- оқырмандар конференциясы; отбасылық және отбасыаралық байқаулар; республика аумағына және одан тыс жерлерге жорықтар ұйымдастыру.

4. Жекелеген оқушылардың отбасы тәрбиесінде түзету жұмыстарын жүргізу: психологиялық-педагогикалық кеңестер мен көмектер; «қиын» және «кәтерлі топ» балаларымен жұмыс; психологиялық ахуалы ауыр отбасына және қиын бала өсіп келе жатқан отбасына көңіл бөлу.

5. Ата-аналар белсенділері, ата-аналардың қамқоршылық кеңестері мен қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара байланыс.

Сонымен бірге, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудің бір

түрі – ата-аналар университетінің жұмысын жолға қою. Университет көмегімен ата-ана психологиялық-педагогикалық білім алады, тәрбие мен оқыту теориясы және тәжірибе саласында білім жинақтайды. Бұл білімнің тиімділігін арттыру мақсатында конференциялар, семинарлар, тәжірибелік сабақтар, кеңестер, саяхаттар пайдаланылады.

Бүгінгі таңда нарықтық экономикаға өтумен байланысты бұл салада атқарылатын шаралар көп. Егер қоғамға пайдалы адам тәрбиелеу, педагогикалық білімнің маңызын көтеру қажет болса, мемлекет оны шешудің экономикалық кілтін табуы тиіс.

Білім беру ұйымының ата-аналармен жүргізетін ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмысы келесі формалар арқылы жүзеге асады: қамқоршылық кеңестері, ата-аналар комитеті (жалпымектептік, сыныптық), ата-аналар жиналысы, конференциялар және т.б. (1-сурет).

Қамқоршылық кеңестері мектеп пен қоғам арасындағы буын, себебі мектеп – қызмет көрсетуші, ал қоғам (ата-аналар, жұмыс берушілер, бизнес, БАҚ және т.б.) – оны тұтынушылар болып табылады. Мектепте қамқоршылық кеңесінің болуы мектепке артықшылықтар беретіні түсінікті. Ол тек бюджеттен тыс қаржыны іздестіріп қана қоймайды, оның мүдделерін түрлі деңгейлерде алға бастыратын адамдарды тартады.


Қамқоршылық кеңесінің қызметі – жалпы білім беруді басқаруды демократияландыруға ықпал ететін механизмдердің бірі. Қамқоршылық кеңестері өзін-өзі басқару органы ретінде жалпы білім беретін мектептерде қамқоршылық кеңестері қызметінің Үлгілік ережелеріне және оны сайлау тәртібіне сәйкес құрылады.

Мектептердегі қамқоршылық кеңестері қызметінің басты тақырыбы дарынды және аз қамсыздандырылған балаларды қолдау, түрлі үйірмелер мен секциялар ашу, балалар мен жасөспірімдер үшін акциялар ұйымдастыру және өткізу, сол сияқты мектепте инновацияға қолдау көрсету екенін қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастыруға жүргізілген мониторинг көрсетіп отыр.

Педагог қызметкерлер, ата-аналар және жұртшылықтың пікірінше қамқоршылық кеңесі құрамына қаланың (ауданның) құрметті азаматтары, демеушілер, ата-аналар жұртшылығының өкілдері, басшылар, пікірі мен өздерінің өмірлік ұстанымдары өзгелерді қызықтыратын қоғамға танымал адамдар: ата-аналар, іскерлер, мәдениет қайраткерлері, балалар еліктеп жүрген «жұлдыздар» енуі тиімді деп санайды.

Ата-аналар комитеті – жалпымектептік немесе сыныптық жиналыстарда сайланатын, ең белсенді, ықыласты деген ата-аналардан тұратын қоғамдық орган. Оның құрамы 5-6 адамнан (төраға және негізгі міндеттерді атқаратын 4-5 мүше) тұрады. Қажет болған жағдайда ата-аналар комитетінің жанында кеңестер, комиссияның ынталы топтары құрылуы мүмкін.

Дұрыс және тұрақты қызмет еткен кезде ата-аналар комитеті – сынып жетекшісінің оң қолы. Сыныпта атқарылатын күнделікті жұмыстың барлығы (ұйымдастырушылық, орындаушылық, бастамашылық, тәрбиелік, бақылаушылық, үгіттеушілік) сынып жетекшісінің ата-аналар комитетіне шебер әрі бағыттаушылық ықпал етуі арқылы жүзеге асырылады.



1-сурет – Мектеп және отбасы арасындағы өзара қарым-қатынас

Ата-аналар комитетінің мүшелері сынып жетекшісіне мектеп пен оқушылардың жанұялары арасында байланыс орнатуға, сыныптағы, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын (мерекелер, кештер, саяхаттар, театрға саяхат, т.б.) өткізуге көмектеседі. Олар педагогикалық жағынан кемшілігі бар балалардың ата-аналарымен арнайы жұмыс жүргізе алады.

Мұғалім балалармен дұрыс қарым-қатынас орнатуы үшін ең алдымен оқушының аты-жөні, мекен-жайы, отбасы, денсаулығы, жеке ерекшеліктері, оқуға, еңбекке бейіні, адамдармен қарым-қатынасы, ақыл-ойы мен дарындылық қасиеті туралы деректерді білуі қажет.

Оқушылардың әлеуметтік дағдылары мен пәнге қатысуына ықпал ететін факторлардың бірі – пән мұғалімінің балалармен тіл табыса білу қабілеті болып саналады. Мұғалімнің жеке басының қасиеті мен талабы оқушының пәнге деген қызығушылығына елеулі әсер етеді. Оның сөзі, жүріс тұрысы, өзін-өзі ұстауы, мәдениеттілігі әрдайым бала үшін үлгі болып табылады. Жасөспірімдер үшін мұғалімнің рухани дүниесі, өздеріне деген көзқарасы маңызды рөл атқарады.

Ата-аналар жиналысы. Онда күнделікті өмір, еңбек, демалыс, оқушылардың бос уақыты, кәсіптік бағдар, оқу және тәрбие жұмысы, т.б. талқыланып, оларды одан әрі жетілдірудің нақты жолмен қарастырылады. Сынып ата-аналары жиналысында ата-аналар комитеті, олардың төрағасы сайланады.

Педагогикалық насихат, яғни ата-аналарға педагогикалық білім беру.

Қазіргі ата-аналар және қалық бұқара арасында психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихат жұмысы оқыту мен тәрбие міндеттерін шешуге әсер етеді.

Тәрбие процесінде жеке адамның қалыптасуы ата-аналардың ықпалына, олардың жалпы және педагогикалық мәдениетіне байланысты. Осы тұрғыдан ата-аналарды педагогикалық-психологиялық білім негіздерімен қаруландыру – мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі.

Мектептің ата-аналар комитеті мұғалімдерге, ата-аналарға көмектесіп, балалардың демалысын, қиын отбасыларын қамқорлыққа алып, балалардың тұрған жеріндегі жұмыстарды ұйымдастыруға, ата-аналар жиналыстарын, конференцияларын, пікірталастарды, балалар мерекелерін өткізуге арналған дайындық жұмыстарына қатысады.

Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда басты рөл сынып жетекшісіне тиесілі екені даусыз. Жалпы орта білім беретін мектептегі сынып жетекшісі – сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырумен, үйлестірумен және өткізумен айналысатын педагог. Ол сынып ұжымымен жүргізілетін тәрбие түрлері арқылы мектеп пен оқушы арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырады. Сынып жетекшісі өзінің іс-әрекеті арқылы әр оқушының жеке өзіндік ерекшеліктерін көрсете білуіне жағдай жасайды, өз қызметін білім беру ұйымы мен отбасы арасында ынтымақтастық орнату арқылы тұлға тәрбиесіне бағыттап жүзеге асырады.

Балқаш қаласындағы №8 орта мектебінде құрылған «Бәйтерек» әкелер кеңесі мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту және дамыту, әрі насихаттаудағы іс-шаралар балалар мен жастарды заманауи талаптарға сай тәрбиелеуге, оларды мамандық таңдауға, арнайы орта және жоғары оқу орындарына түсуге, халық шаруашылығы салаларында еңбек етуге даярлауға бағытталып отыр [8].

Кеңестің мақсаты – отбасында бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін арттыру, ұстаз, ата-ана және оқушы арасындағы байланысты нығайту, оқушылардың ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарына қолдау көрсету, сауықтыру, мәдени іс-шаралар ұйымдастыруға көмектесу және т.б. (1-қосымша).

Мұндай шараларды еліміздің көп өңірлерінен көруге болады, мысалы Алматы облысында құрылған Әжелер комитетінің де жас ұрпаққа берер өнегесі мен ұлағатты істері көп. Бала бойындағы білімге құштарлық және отан сүйгіштік, мейірімділік пен ата дәстүрге адалдық әженің әлдіінен бастау алады деп санайды ұйымдастырушылар.

Мектеп пен отбасы, ұстаз бен бала арасында ынтымақтастық орнаған кезде ғана жас ұрпақты табысты әлеуметтендіру мүмкін деп айтуға болады.

Қорытынды

Мектеп пен ата-ана, қоғам бірлескен кезде ғана тәрбие процесі өз жұмысының нәтижесін бере бастайтыны анық. Қоғамдық тәрбие нышандары жанұядан бастау алады. Отан отбасыдан тұратын болса, мемлекет іргесінің беріктігі, әл-ауқатының мықтылығы және экономикалық тұрақтылығы – сол мемлекетте тұратын азаматтардың адами және білімдік әлеуетіне байланысты. Мектеп пен отбасы арасында тығыз әрі шығармашылық байланыс орнаған кезде ғана өркениетті қоғамда өмір сүруге, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу мүмкін.

Бала өмірге келген күннен бастап оның тәрбиесіне ата-анасы, оны қоршаған жақындары, көршілері, дос-жарандары және т.б. ықпал етеді. Мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап оның өмірінде жаңа кезең басталады, құндылықтарға деген көзқарасы мен қатынасы өзгереді. Бұл кезеңде ата-ананың жауапкершілігі арта түседі, ол баласы мен мектеп ұжымы арасындағы қарым-қатынастан, баласының жаңа ортадағы тыныс-тіршілігінен хабардар болуы тиіс. Бала мен мектеп арасындағы байланыс сынып жетекшісі мен ата-ана ортасында тығыз ынтымақтастық орнаған кезде сәтті болмақ.

Сынып жетекшісі мектеп пен отбасы арасында қарым-қатынас орнату және оны дамыту үшін келесі жағдайларды басшылыққа алуы тиіс: отбасының тәрбиелік мүмкіндігін зерттеу; ата-аналар қауымдастығын құру; сыныптан тыс шараларға ата-аналарды көптен тарту; сыныптағы имандылық сағаттарын ата-аналармен бірге жүргізу; ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру.

Педагогтер мен ата-аналардың мақсатты түрде ұйымдасқан өзара қарым-қатынасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылады және өз міндеті ретінде ата-аналардың педагогикалық ұстанымдарын белсенді қалыптастыру, олардың бала тәрбиесі үшін өзінің азаматтық парызы мен жауапкершілігін түсіну деп біледі.

Мектеп педагогтері отбасының жақсы тәжірибесіне сүйенеді, оны тәрбие процесінде оң үрдістерді күшейтуде және теріс үрдістерді тегістеу үшін қолданады. Оң бағытты қарым-қатынастағы басты әрі шешуші шарт – мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы сенімге құрылған серіктестік байланыс болып табылады. Ең бастысы байланыс орнатуда ата-аналарда тәрбие процесіне қызығушылықтың тууы, жетістікке жету қажеттілігі, өз күштеріне сенімді болуы маңызды. Ата-аналар белсенділерінің тек өз баласының ғана емес, барлық сынып тәрбиесіне қатысуы осындай педагогикалық өзара қарым-қатынас нәтижесі. Сонда ғана мектепте және сыныпта ата-аналардың атсалысуымен өткізілетін ұжымдық іс-шаралар өз мәресіне жететін болады.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорыта келе айтарымыз, мектеп пен отбасы, ұстаз бен ата-ана арасында ынтымақтастық орнатып, жемісті жұмыс жасау – бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі.

Әдебиет

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 1997 жыл.

2 Ата-аналарға арналған психологтың кеңесі // <http://43.astana-bilim.kz/>

3 Мектеп пен отбасының, жұртшылықтың ынтымақтастығы / <http://malimets.clan.su/publ/pedagogika/>

4 Взаимодействие семьи и школы как важный фактор социализации подрастающего поколения // <http://www.moluch.ru/conf/ped/archive/19/949/>

5 Торохтий В.С. Социально-педагогический подход к деятельности в социокультурном пространстве. / Пространство и общение: взаимосвязи и взаимозависимости. – Екатеринбург, 2010.

6 Подходы и направления системы воспитательной работы АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». – Астана: 2012.

7 Қазбекова Н.Б. Сынып жетекшісінің анықтамалығы. 2011. № 7 (31).

8 №8 орта мектеп / <http://balkhash.goo.gov.kz/>

2014-2015 оқу жылында Балқаш қаласындағы №8 орта мектебінде құрылған «Бәйтерек» әкелер кеңесінің жұмысы туралы

Жалпы мектептік ата-аналар жиналысында оқушылардың әкелері арасынан Әкелер кеңесі (бұдан әрі – Кеңес), оның төрағасы (Төлеубеков Ә.О.) және мүшелері сайланды. Жиында Кеңестің жаңа оқу жылына жоспары жасалды.

I. Жалпы ереже

1.1 Жалпы білім беретін №8 орта мектебінде «Бәйтерек» Әкелер кеңесі жас ұрпақты тәрбиелеуде мектеп пен ата-ана байланысын нығайту, дамыту, насихаттау мақсатында құрылды.

1.2 Кеңес ата-аналар қоғамының бастамасымен 1 жыл қызмет етеді.

1.3 Кеңес мүшелері мектептің жалпы ата-аналар жиналысында сайланып, бекітіледі.

1.4 Әкелер кеңесіне төраға, оның орынбасары, хатшы және Кеңес мүшелері кіреді.

1.5 Кеңес төрағасы I отырыста мектеп оқушылары ата-аналары мен ұстаздары ұсынысы арқылы сайланады. Кеңес құрамына әр параллель сыныптардан бір адамнан сайлауға болады.

1.6 Кеңес төрағасы және оның мүшелері өз қызметінде ҚР-ның «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы» Заңдарын, ҚР Конституциясын басшылыққа алады.

1.7 Кеңес мүшелері ата-аналармен және мектеп ұжымымен сыйластықта, ерікті түрде жұмыс жасайды.

1.8 Кеңес жұмысы жалпымектептік ата-аналар жиналысының шешімімен тоқтатылады.

II. Әкелер кеңесінің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: отбасында бала тәрбиесінде әкенің ролін арттыру, ұстаз, ата-ана және оқушы арасындағы байланысты нығайту, бала тәрбиесіне қатысты мәселелерді шешуге қатысу, сауықтыру, әскери-тәрбие жұмысына, мәдени іс-шараларда тәрбие жұмысын жандандыруға көмек беру, мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыруға, дамытуға қатысу.

Міндеттері:

- әлеуметтік жағдайы төмен, қиын жасөспірімдермен және қауіпті топтағы балалармен жұмыс жүргізу;
- мектептің оқу-материалдық базасын нығайтуға қатысу;
- оқушылардың қабілеттері мен дарынын дамытуға, денсаулықтарын нығайтуға атсалысу;
- оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге, жетілдіруге баулу;
- мектеп дәстүрлерін дамытуға қолдау көрсету;
- кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өтетін шараларға қатысу;
- рейдтер өткізуде ерікті жасақтар құру.

III. Әкелер кеңесінің қызметі

- 3.1 Мектеп өміріне.
- 3.2 Мектепішілік іс-шараларға.
- 3.3 Баланың оқуы мен тәрбиесіне қолайлы жағдай туғызуға.
- 3.4 Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға.
- 3.5 Балалардың жауапкершілігін дамытуға.
- 3.6 Өз өмір тәжірибесіне сүйеніп, оқушыларға кәсіптік бағдар беруге.
- 3.7 Оқушылардың құқықтық тәрбиесіне ықпал етуге.
- 3.8 Отбасының қиын және қауіпті топтағы оқушылармен жүргізілетін жұмысты жоспарлауға және ұйымдастыруға.
- 3.9 Бала тәрбиесіне селқос қарайтын ата-аналармен жұмыс жүргізуге.
- 3.10 Оқушыларды қоғамға жат қылықтардан сақтануға тәрбиелеуде, салауатты өмір салтын насихаттауда сынып жетекшілеріне көмек көрсетуге.
- 3.11 Оқушыларды отансүйгіштікке, ерлікке, азаматтылыққа, толеранттылыққа тәрбиелейтін іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге.
- 3.12 Ата-аналар жиналысында талқыланатын сұрақтар бойынша ұсыныс беруге.
- 3.13 Мектеп әкімшілігімен бірге рейдтер ұйымдастыруға.
- 3.14 Есепте тұрған оқушылармен алдын алу жұмыстарына, олардың ата-аналарымен жекелей жұмыс жүргізуге.
- 3.15 Мектептің, сынып кабинеттерінің жөндеу жұмыстарына көмек беруге **қатысуды білдіреді.**

IV. Әкелер кеңесінің құқығы

- 4.1 Өмірлік және тәрбиелік проблемалар бойынша мектеп әкімшілігіне кеңес беруге.
- 4.2 Бала өміріне қатысты сұрақтармен мектеп әкімшілігінің көмегіне жүгінуге.
- 4.3 Туындаған проблемалар бойынша шешім қабылдауға.
- 4.4 Ата-аналар жиналыстарына қатысып, тиімді ұсыныстар беруге **құқылы.**

V. Әкелер кеңесінің жұмысын және іс-қағаздарын ұйымдастыру

- 5.1 Кеңес отырысы мектеп жұмысының жоспарына сәйкес кем дегенде оқу жылында 4 рет өткізіледі. Қажет кезде жоспардан тыс өткізіледі.
- 5.2 Кеңес отырысына кем дегенде барлық мүшелердің 50 пайызы қатысса, Кеңес жиналған болып саналады.
- 5.3 Дауыс беруде 50 пайыздан артық дауыс жиналса, Кеңес шешімі бірауыздан қабылданады.
- 5.4 Кеңес шешімі бойынша хаттама жазылады (айы, күні, жылы, қатысқан адамдар тізім көрсетіледі).
- 5.5 Хаттама оқу жылының басынан бастап нөмірленеді.

VI. Кеңестің құжаттары

- 6.1 Жалпы мектептік ата-аналар жиналысының шешімі.
- 6.2 Әкелер кеңесінің жылдық жұмыс жоспары.
- 6.3 Әкелер кеңесі отырысының хаттамалары.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын қалыптастыру мәні мен мазмұны	4
2 Мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар.....	8
Қорытынды.....	12
Әдебиет.....	13
Қосымша.....	14

Введение

Педагогика должна стать наукой для всех:
и для учителей, и для родителей.

В.А. Сухомлинский

Успешность воспитательного процесса зависит от того, как складываются отношения между педагогами, учащимися и родителями. Родители и педагоги – воспитатели одних и тех же детей, и результат воспитания может быть успешным тогда, когда учителя и родители станут союзниками.

Школа как организация образования выполняет основную часть воспитательной работы: на нее возлагаются основные задачи формирования гармоничной личности. Это не умаляет роли семьи, а доказывает необходимость согласования действий семьи и школы.

В Послании Главы государства Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» отмечено, что наш путь в будущее связан с созданием новых возможностей для раскрытия потенциала казахстанцев [1]. Необходимо принять молодое поколение как субъект истории развития независимого Казахстана, как исключительно важный фактор перемен, как носителя новых идей и программ, как социальную ценность особого рода, представителя монолита «Мәңгілік Ел». Эффективность процесса воспитания напрямую связана как с семьей, так и с организацией образования.

Семья совместно со школой создает тот важнейший комплекс факторов воспитывающей среды, который определяет успешность либо неуспешность всего учебно-воспитательного процесса.

Современная семья развивается в условиях качественно новой противоречивой общественной ситуации. С одной стороны, наблюдается поворот общества к проблемам семьи, разрабатываются и реализуются комплексные целевые программы по укреплению и повышению ее значимости в воспитании детей. С другой стороны, наблюдаются процессы, которые приводят к обострению семейных проблем. Следовательно, в сложных современных условиях семье требуется систематическая и квалифицированная помощь со стороны общества, школы. Процесс взаимодействия семьи и школы направлен на активное включение родителей в учебно-воспитательный процесс, во внеурочную досуговую деятельность, сотрудничество с детьми и педагогами.

На государственном уровне данный вопрос нашел свое отражение в Законе «Об образовании» Республики Казахстан, в котором возникли предпосылки для равноправного творческого заинтересованного взаимодействия семьи и организации образования.

Цель данного методического пособия – изучение особенностей формирования взаимоотношений школы и родителей.

1 Сущность и содержание формирования взаимоотношений школ с родителями

Для нормального прохождения процесса обучения и формирования личности ребенка необходим соответствующий микроклимат между педагогами и учащимися, самими учащимися, организациями образования и семьей в целом.

Воспитание детей – это единая задача всего сообщества родителей педагогов и общественности. Воспитание – дело обоюдное и очень важное.

